

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Список используемой литературы:

1. Social Europe. A Continent' Answer to Market Fundamentalism / European Research Forum at London Metropolitan University. 2006, p. 3.
2. Social Europe. A Continent' Answer to Market Fundamentalism / European Research Forum at London Metropolitan University. 2006, p. 76.
3. A.-M. Grozelier. Definition (version française) du Modele social européen. Rapport á la conference sur le MES, Rome, Mai 2007.
4. European group of search. European social model ESM — project. «For a reform of the ESM. Proposals platform»,

ӘОЖ 327. 8:004.056

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Сейлхан Балауса

balaus_95_07@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ң 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Шадаева Ш.А

Ақпараттық қауіпсіздік - мемкелеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделері қорғалуының жай-күйі. Ақпараттық қауіпсіздік режимін қалыптастыру кешендік мәселе болып табылады. Оны шешу үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық, программалық, техникалық шаралар қажет. Сонымен қатар, *қауіпсіздік саясаты* - мекеменің ақпаратты қалайша өңдейтінін, қорғайтынын және тарататынын анықтайтын заңдар, ережелер және тәртіп нормаларының жиыны. Бұл ережелер пайдаланушының қайсы кезде белгілі бір деректер жинағымен жұмыс істей алатынын көрсетеді. Қауіпсіздік саясатын құрамына мүмкін болатын қауіптерге талдау жасайтын және оларға қарсы әрекет шаралары кіретін қорғаныштың белсенді сыңары деп санауға болады. Ал енді тарихи шолуларға келер болсақ ақпараттық құралдардың ең алғашқылары болған Бұқаралық ақпарат құралдарын айтамыз. *Ақпараттандырудың аса маңызды объектілері* - ұзақ уақыт кезеңге жұмыс істеуінің тоқтауы немесе бұзылуы елдің қорғанысы, қауіпсіздігі, халықаралық қатынастары, экономикасы, шаруашылығының немесе инфрақұрылымының жекелеген салалары үшін не тиісті аумақта тұрып жатқан халықтың тыныс-тіршілігі үшін төтенше жағдайға немесе айтарлықтай келеңсіз салдарға әкелетін ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылым объектілері [1].

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүргізілген саясат мемлекеттің ақпараттық саясатын құраса, екінші жағынан БАҚ ақпараттық соғыс жүргізудің бірден-бір құралы болып табылады. Ақпараттық тайталастықтың тарихын анықтап берген үлгілері кеңестік жүйе мен американдық жүйеден тұрса керек. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Сарапшылар олардың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді: жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі; арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы; ақпарат таратушының (коммутатор) қабылдаушыға біржақты ықпалы; тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркімділігі. Француз жазушысы О. де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады. Билік институтында БАҚ-тың тура мағынасындағы орны болмағанымен, оның саяси процестегі орнын асыра бағалау мүмкін емес. Адамзат қоғамында болып жатқан кез келген мәселеге, оқиға мен көріністерге әлеуметтік-саяси тұрғыдан баға беріліп жатады. Және оған бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы өте зор болмақ. БАҚ-тың атқаратын қызметі әртүрлі, сарапшылардың пікірінше олардың аса маңыздыларына мыналар жатады: ақпараттық, білімдік, әлеуметтендірушілік, мүдделерді тоғыстырушы, саясат субъектілерінің ықпалдасуы, жұмылдыру және т.б. БАҚ демократия мен азаматтық қоғам қалыптасуы үрдістерінде

маңызды рөл атқарады, өйткені олар жеке тұлғалардың «демократиялық қоғам сипатын» қабылдауына айтарлықтай ықпал етеді. Сонымен қатар ақпарат қоғам өмірінің басты салаларында маңызды мәнге ие болды. БАҚ саясаттандыру және саясатты медиаландыру үрдісі қоғамның ақпараттандырудағы әлеуметтік-саяси салдарларды талдауда маңызды рөлге ие. Саяси үрдістердің «виртуалды шындық» сипатын алуы артуда, өйткені нақты саяси күрестің орнына қандай заманауи саяси немесе ақпараттық технологияның пайдаланғандығы маңызды болып келеді. Саясаткерлер өз билігін қажетті жаңалықтар жасау арқылы әлеуметтік мәселелерді жария етуді қажетті бағытқа бұру, белгілі бір мәселеге қатысты ақпарат жүйенің жағдайды түзетуі туралы ақпаратқа айналуын қадағалайды. Азаматтардың ресми жаңалықтарға деген сенімі бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан шындықтың идеологиялық сәйкестендіруі болып табылады [2].

Алғашында Кеңес Одағы идеологиялық тайталастық саласында үлкен әлеуетке ие болды. Алайда КСРО-да стратегиялық талдаудың қуатты құрылымдары болмады. Әсіресе бұл ұлы геосаясаткер И. Сталиннің қайтыс болғанынан кейін көрінді. КСРО ОК ғана осындай бөлімшелерді құруға талаптанды, бірақ көбісі сәтсіз болды. КСРО ОК тек идеологиялық соғыспен айналысты, ал КСРО-ға қарсы ақпараттық соғыс жүргізілді (яғни қарсыластың әсері кеңестік сыртқы саяси насихат органдарына қарағанда кең ауқымда жүргізілді). Одан басқа, ақпараттық тайталастықтағы негізгі жайт талдау болып табылады. Ал сыртқы саяси әрекетті талдау КСРО емес, АҚШ әрекеттері стратегиясының негізгі жайты болды. КСРО сыртқы саяси насихатының негізгі органы 1925 жылы негізі қаланған жалғыз мемлекеттік ақпараттық жүйе Кеңес Одағының Телеграф агенттігі (КОТА) болды.

АҚШ-тың ақпараттық геосаясаты. Бастапқыда «ақпараттық соғыс» сөз тіркесін барлаудың арнайы операцияларының ерекше түрі ретінде Аллен Даллес өзінің 1967 жылы шығарылған «Тайная капитуляция» кітабында пайдаланды. Содан кейін Томас Рона деген адам 1976 жылы Boeing компаниясы үшін дайындалған және «Қару жүйелері және ақпараттық соғыс» деп аталған есебінде «ақпараттық соғыс» терминін пайдаланды. Т.Рона ақпараттық инфрақұрылым американдық экономиканың негізгі құрамдас бөлігі болғанын атап өтті. Сол уақытта ол соғыс кезінде де, бейбітшілік кезінде де осал нысана болады. Осы есепті «ақпараттық соғыс» терминінің бірінші айтылуы деп есептеуге болады. Т.Рона есебін жариялау БАҚ-да белсенді компанияны басталуына қызмет етті. Осылай, ақпарат бір шетінен нысана, бір шетінен қару бола алатындығы туралы түсінік қалыптасты.

Осы проблема жөніндегі алғашқы ресми құжаттарға АҚШ ҚМ «Ақпараттық соғыс» тақырыбымен 1992 жылдың 21 желтоқсанындағы Т 3600.1 директивасын жатқызуға болады. 1993 жылғы Штабтар бастықтарының комитетінің №30 директивасында ақпараттық соғысты жүргізудің негізгі қағидалары көрсетілген болатын. 1997 жылы ақпараттық соғысқа келесі анықтама берілген болатын: «Ұлттық стратегия мүдделерінде ақпараттық басымдылыққа жету үшін қабылданған және бір уақытта өзінің ақпаратын және өзінің ақпараттық жүйелерін қорғаумен қарсыластың ақпаратына және ақпараттық жүйелеріне әсер ету арқылы жүзеге асырылатын әрекеттер». 1994 жылдан бастап АҚШ-та елдің әскери-саяси басшылығының өкілдерінің қатысуымен «ақпараттық соғыс» бойынша ресми ғылыми конференциялар жүргізілді.

1995 жылдың қаңтар-маусымында АҚШ-та барлық күштік құрылымдардың өкілдерінің қатысуымен командалы-штабтық әскери ойын (КШӨО) өткізілді. Оның мақсаты – стратегиялық ақпараттық соғыстың тұжырымдамасын жасау болды.

1995 жылдың тамыз айында АҚШ Ұлттық қорғаныс институты Мартин Либикидің «Ақпараттық соғыс дегеніміз не?» жұмысын жариялайды. Онда автор ақпараттық соғыстың жеті түрін анықтайды: Командалы-басқарушылық, барлау, психологиялық, хакерлік, экономикалық электронды, киберсоғыс.

АҚШ-тың үлкен жетістігі Интернетті көп жыл бойы бақылау болып табылады. 2005 жылдың қараша айында Тунисте БҰҰ бастамасымен Ақпараттық қоғам жөніндегі бүкіләлемдік конференция өткізілді. Талқылаудың негізі – «бүкіләлемдік торды» жаһандық басқару. Конференцияда 170 елден шамамен алғанда 12 мың қатысушы болды. Күн

тәртібінде – екі көкейтесті тақырып: дамыған елдер мен арта қалған елдердің арасындағы Интернетті пайдаланудағы алшақтықтың ұлғаюы және Интернетті жаһандық басқарудың проблемасы. Өркениеттің бүгінгі даму кезеңінде ақпараттандыру процесі мемлекеттік органдардың қызметі мен жеке адамның өмірінде негізгі рөлге ие. Ақпараттандыру үдерісі ортақ әлемдік ақпараттық кеңістіктің құрылуына әкелуде. Бұл кеңістіктің аясында оның субъектілері – адамдар, ұйымдар, мемлекеттер арасында ақпаратты сақтау, өңдеу, алмасу процесі белсенді жүруде. Бұл субъектілер арасындағы саяси, техникалық, экономикалық ақпараттың тез алмасқаны – өркениетті жетістік, алайда мұндай артықшылық тек ғылыми-техникалық, ақпараттық-технологиялық деңгейі жоғары елдерге ғана қол жетімді. Ал бұл деңгейге шықпаған мемлекеттің дамыған елдер алдындағы әлсіздігі жыл өткен сайын айқын көріне бермек. Ал өз кезегінде аталған үдеріс күштілердің әлсіздерді ақпараттық тұрғыдан басқаруына, манипуляциялауына әкелуі сөзсіз. Бұл АҚШ, ЕО, Жапония секілді ғылыми-техникалық, өндірістік әлеуеті жоғары елдерге ақпараттандырудың есебінен өзінің саяси, экономикалық, геосаяси, тіпті, әскери жағдайын нығайтуға мүмкіндік береді. Жалпы әлемдік қауымдастыққа жаһандық ақпараттық бақылау орнату мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды.

Ақпараттық қауіпсіздіктің ошағы ретінде ақпараттық қауіпсіздікті айта аламыз. «Ақпараттық соғыс» термині алғаш рет қырғи-қабақ соғысынан кейін Парсы шығанағындағы әскери операцияларда қолданылды. Бұл термин жалған ақпар беру мен АҚШ әскерінің Ирактың әскери және азаматтық ақпараттық жүйесін істен шығару мағынасында қолданылды. Бұған қоса, Ирактан тікелей ақпарат таратқан батыстық телекомпаниялардың әрекетін де қосуға болады. Олардың ақпарты қарсыласқа емес, батыс көрермендеріне бағытталған еді. Соғыстан соң шығанақта ақпараттық соғыстың теориясын жасаушылар табылды. 1995 жылдың тамызында АҚШ-тың Ұлттық қорғаныс институтында осы саладағы Мартин Либикидің еңбегі жарияланды. Автор онда ақпараттық соғыстың 7 түрін бөліп көрсетеді:

- Командалық-басқарушылық – соғыс барысында әскери басшылар мен бағынышты әскер арасындағы байланысты үзу, армияны басқару қабілетінен айыру;
- Барлаушылық соғыс – қарулы қатығыс барысында маңызды ақпарат жинап, өз мәліметтерін қорғау;
- Электронды соғыс – электронды коммуникацияға – радиобайланыс, радиолокациялық станцияларға, компьютерлік желілерге қарсы шаралар;
- Психологиялық соғыс – насихат, жергілікті тұрғындардың ойлау қабілеті мен бағытын өзгерту. М. Либики оны 4-ке бөледі: азаматтық рухты жою, Қарулы күштердің әскери рухын төмендету, әскери басшылықты дезориентациялау, мәдениеттер соғысы;
- Хакерлік соғыс – қарсыластың негізгі азаматтық объектілеріне диверсиялық шабуылдар жасау. Ақпараттарды сақтау, өңдеу, тарату кезеңінде компьютерлік желілерді істен шығару не өзгеріс енгізу;
- Экономикалық ақпараттық соғыс – М. Либики оның екі формасын ұсынды: ақпараттық блокада (АҚШ-қа қатысты әрекет) және ақпараттық империализм (АҚШ-тың әдеттегі әрекеті);
- Киберсоғыс – бұл қарапайым хакерліктен ерекшеленеді. Бұл компьютерлік мәліметтерді басып алу немесе бопсалау. М. Либики бұл соғыстың түрінде семантикалық шабуылды бөліп көрсетті. Семантикалық шабуыл кезеңінде хакер қарсыластың компьютерлік бағдарламаларын бұрыс жұмыс істетеді, яғни істен шықпайды, бірақ оның шешімдері мен нәтижесі дұрыс емес.

Бүгінде ақпараттық күрестің тиімділігін дәлелдейтін бірнеше фактор бар. Мәселен, оның құнының төмендігі, ақпараттық шабуылдарды жасауда мемлекетаралық дәстүрлі шекаралардың жойылуы, ақпаратты манипуляциялау арқылы жағдайды басқару әдісінің маңызының артуы, ақпараттық басымдықты басып алу және сақтау саласына ауысып жатқан стратегиялық барлаудағы бағыттардың өзгеруі, ақпараттық операциялардың басталуын анықтаудың күрделенуі, ақпараттық соғысты бастаушы агрессорға қарсы тез арада коалицияны жинаудың күрделілігі. XX ғасырдың 90 жж. АҚШ үкіметі ықпалды «Рэнд»

копорациясына бүгінгі әлемдегі ақпараттық қауіпсіздік жағдайына сараптама жасап, оның нәтижесі бойынша ұсыныстар жасауды тапсырады. MR-661-OSD деп аталатын құжаттың қорытындысы бойынша Парсы шығанағында АҚШ пен Иран арасындағы ақпараттық күресте жағдайдың дамуын болжау әдісімен алға шығуды ұсынады. Бұдан бөлек, MR-964-OSD (Strategic Information Warfare Rising) құжатында АҚШ тарапынан әлемдік ақпараттық күрес саласында басымдыққа ие болу мен ақпараттық күрес құралдарына ие элитарлық мемлекеттердің клубын құру ұсыныстары бар. Жоғарыда көрсетілген құжатта «Бірінші ұрпақтың стратегиялық ақпараттық күресі» ұғымы бүгінде АҚШ іс жүзінде мемлекеттік әрі әскери деңгейде қолданып жүрген негізгі әдістерді қамтыды. Аталған мәселені зерттеу «екінші ұрпақтың стратегиялық ақпараттық күресі» (2nd Generation Strategic Information Warfare) ұғымын енгізуге түрткі болды. Бұл термин ақпараттық революция жасайтын, ақпараттық кеңістікте және өзге де салаларды қамтитын, апта, айлар, жылдарды қажет ететін «стратегиялық күрестің жаңа түрі» ретінде түсіндіріледі [3].

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Бүгінде кейбір мемлекеттер экспериментті түрде ақпарат арқылы кез келген елді қарусыз санасын жаулап, өлтірмей жанын алуға әбден болатынын дәлелдеді. Адамдар қайда жүрсе де ақпараттың құрсауына оралуда. Қоғам бар жерде, мемлекет бар жерде ақпараттық шабуыл үнемі жасалады. Бір қарағанда, бұқаралық ақпарат құралдарымен құлаққа кіріп, санаға сіңген ақпарат кішігірім қоғамда, мемлекетте, тіпті тұтастай әлемде қаруы жоқ соғыстың өршуіне себепкер болатынына куә болдық. Бүгінгі Украинаның тағдыры – соның дәлелі. Әлеуметтік желіде отырған белсенді 100 адам халыққа үгіт-насихат жүргізу арқылы бүкіл бір мемлекетті төңкеріп тастауға болатынын көрсетіп берді.

Ақпараттық соғыстың басты мақсаты – қарсы жақты өз ырқына мәжбүрлеп көндіру арқылы өз мүддесіне сәйкес келетін саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік ұтысқа қол жеткізу. Мұндай соғыс мемлекеттер, одақтар, қоғамдық, экономикалық және әскери құрылымдардың арасында жүргізіледі. Ақпараттық соғысты кейбір ғалымдар «психологиялық соғыспен» де теңестіріп жатады. Ең қызығы, бұл қарусыз майданда «кімнің жау» екенін ажырату өте қиынға түседі. Психологиялық шаралар, электрондық соғыс шаралары, теріс ақпарат тарату мен қарсы үгіт-насихат шаралары, қарсы әрекет ету мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары, тікелей ақпараттық шабуылдар мемлекеттер мен ірі державалар арасындағы ақпараттық теке-тірестің өршуіне негізгі себеп болады. Сондай-ақ, алыпқашпа әңгіме, сенімсіз ақпарат, қауесет, өсек мұның барлығы да ақпараттық терроризмнің бөлшегі ретінде танылады [4].

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етпеудің зардабы зор. Мәселен, қырық бір жылдан бері елді басқарып келген Муаммар Каддафиді биліктен кетсін деп көтеріліске шыққан ливиялықтар әлем жұртшылығын таңғалдырғаны рас. Шынында, Ливияның экономикалық қуаты, халқының жағдайы кейбір елдерге қарағанда әлдейқайда жоғары еді. Мұндай елде көтеріліс болатынын саясаттанушылар үш ұйықтаса да түсіне кіргізе алмаған. Қажығыс салдарынан 6 мың адам көз жұмды. Ақырында Ливия Каддафиге бағынатын Батыс пен оппозицияның ықпалындағы Шығысқа бөлініп, екіге жарылды және Каддафидің аяусыз өлімімен аяқталды. Тіпті, Каддафидің өлімін тікелей эфирден көрсетіп, бәзбір алпауыт телеарналар өзіне ұпай жинады. Ливиядағы жағдай дүниежүзінде жасырын ақпараттық соғыстың жүріп жатқанын әшкерелеп берді. Көптеген ақпараттық және әлеуметтік интернет желілер бір-біріне қарама-қайшы мәлімет таратты. Әлем Ливияға қатысты ақпараттық соғыстың «құрбаны», сонымен қатар көрермені болды.

Империалистік дамыған елдер әлемді билеу мақсатында ақпараттық кеңістігін өте жоғары деңгейге көтерді. Мәселен, бір ғана АҚШ-тың CNN телеарнасы жүздеген елдерде ақпарат таратады. Әрине, бұл ақпарат құралдарының идеологиясы «әлемді біріктіріп, тыныштық сақтау» болып табылғанымен АҚШ-тың жеке мүддесінен әрі аса алмайды. Каддафидің трагедиясынан сабақ алып, ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін қаперіне ұстаған Катардағы «Al Jazeera» телеарнасы да мемлекеттің қолдауымен әлемдік телеарналардың біріне айналды. Бүгінгі күні бұл телеарна ақпараттық соғыста ешкімге, тіпті АҚШ-тың өзіне

де дес бермей келеді. Ал, АҚШ ақпараттық соғыста «Al Jazeera» араб телеарнасынан бөлек, Қытай мен Ресейден де бәсі төмендеп жатқанын кейбір сарапшы мамандар айтып жүр. Қытайлар әр түрлі тілде таратылатын ғаламдық телевизиялық желі құрып жатса, орыстар ағылшын тілді телеарна ашып алды. Бұл бүгінгі күнде АҚШ-тың ақпараттық кеңістікте беделі мен ықпалы азайып бара жатқанының анық айғағы болса, бір жағынан басқа да елдердің ақпараттық үстемдікке жеткісі келетіндігінің дәлелі.

Соңғы он жыл көлемінде әлемдегі оқиғаларды көрсетуде «ақпарат» теңдессіз күшке айналды. Әлемнің алпауыт мемлекеттерінің ақпараттық салаға миллиондап қаржы құйып жатқандығы соның айғағы. Әсіресе, жергілікті соғыстар мен жанжалдар кезінде бірден көзге көрініп тұратын, сол жерден репортаж жасап, оқиғаны өзінің мүддесіне бұратын БАҚ қазір де әртүрлі мемлекеттердің жеке қолдауымен көбейіп келеді. Ақпараттық майдан үшін тек әскери жанжал ғана негізгі тақырыптың өзегі болып қалмайды, кей жағдайларда жергілікті әскери қақтығыстан гөрі ұлт басшысының денсаулығы немесе сыбайлас жемқорлыққа қатысты дау-дамайдың өзі маңызы зор әлемдік оқиғаға айналып кетіп жатады. Арақашықтық, шекара деген бөгеттерді білмейтін, көпшіліктің қолдануына өте ыңғайлы дүниежүзілік ғаламтор әлемдік мәселелерді шешуде БАҚ-тың рөлін бұрынғыдан да көтеріп жіберді. Мұндай жағдайда, кез-келген мемлекет ақпараттық қауіпсіздікті өзінің шекарасының қауіпсіздігінен кем көрмеуі қажет екенін әлемдік саясаттанушылар қатерге іледі. Жоғарыда аталған оқиғаны түрлі қырынан тарату – ақпарат күшінің ықпалдығын көрсетеді. Себебі осы арқылы тек аумақтың ғана емес, әлемдік жұртшылықтың санасын, ойлау бағытын басқаруға болатындығын көруге болады. Осы себепті ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың даму деңгейінің артта қалуы кез-келген елді ақпараттық шабуылдар алдында әлсіз ететіні айқын. Ал бұл сол елдің ұлттық қауіпсіздігі үшін шынайы қатер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. http://knigainformatika.narod.ru/disciplins/inform_bes/Osnova_inform_bes.pdf
2. «Қоғам және Дәуір» Ғылыми сараптамалық журнал, 20 бет. №3 (43) 2014
3. «Қоғам және Дәуір» Ғылыми сараптамалық журнал, 10 бет. №4(44) 2014
4. <http://bibliofond.ru/view.aspx?id=443716>

УДК 336.89

ПРОБЛЕМЫ БЕЗОПАСНОСТИ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Таирова Диана Рафиковна

Diana.rafikovna@mail.ru

Магистрант 2 курса специальности регионоведение

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Научный руководитель- Мармونتова Т.В.

Ситуация в Центральной Азии приобретает более сложный и напряжённый характер, так как на регион сильное влияние оказывают процессы, происходящие на Ближнем и Среднем Востоке, которые надо рассматривать сквозь призму большой игры и противостояния США и России, Ирана и Саудовской Аравии, Турции, Катара по вопросу Сирии и Ирака.

Резко меняется обстановка для стран региона еще и в том смысле, что их ценность для мировой политики ситуативно уменьшается. Страны региона оказались на периферии международных отношений, так как интерес к ним резко упал после вывода основной части международного контингента из Афганистана и в связи с отсутствием больших разведанных запасов нефти на Каспии.